

Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшілігін орналастыру үшін республиканың меншігіне үй сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 5 қыркүйек 1994 ж. N 994

Бонн қаласында жылжымайтын мүлік рыногындағы қолайлы конъюнктураны, сондай-ақ "Бергманн" фирмасымен өтем негізінде қаржыландыру туралы қол жеткен уағдаластықты ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшілігін орналастыру үшін республиканың меншігіне Обервинтер селосы (Бонн), Рейнхохенвег көшесіндегі аумағы 0,4 га учаскесі бар N 79 үйді сатып алу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Т.Тұрсыновқа сатып алу-сату шартына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экономика министрлігі 1994 жылдың екінші жартысында республикадан 3 мың тонна мыс беру туралы 1994 жылдың 1 қазанына дейін "Бергманн" фирмасымен контракт жасасып, онда Қазақстан Республикасының Елшілігі үшін аталған үйді сатып алудың өзара есеп айырысуға қажетті шарттарын көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі ішкі бағамен 3 мың тонна мыс сатып алу үшін аталған контракт бойынша түскен валюталық түсімнің бір бөлігін белгіленген тәртіппен теңгеге айналдыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1994 жылдың

1 қазанына дейін экспортқа берілетін басқа өнімдерді кеміту есебінен 3 мың тонна мыс шығару үшін квота бөлінуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1994 жылдың 1 қазанына дейін экспортқа 3 мың тонна мыс шығаруға лицензия беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК